

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 31-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 576 -қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Дүниетану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан адам, қоғам және табиғат арасындағы өзара байланыс пен тәуелділік жөнінде білім жүйесін қалыптастыру болып табылады.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер қалыптастыру;

2) табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;

3) білім алушыларда табиғи және әлеуметтік шынайылықты тану әдістерін: бақылау, эксперимент, сауалнама тәжірибелерінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

4) тарихи және географиялық тұрғыдан ойлауды дамытуға ықпал ететін қоршаған орта туралы білімін қалыптастыру;

5) дүниетануды оқыту барысында танымдық процестерді белсендіру;

6) қазіргі Қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпы адами құндылықтар жүйесіне дағдыландыру;

7) қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына қолайлы қатынасқа үйрету.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сұлбасы бар суреттерді, заттардың рельефті: карта, глобус суреттерін қабылау және сипап-сезу арқылы зерттеу тәсілін меңгерту;

2) рельефті сызбамен жұмыс жасағанда ұсақ маториканы және сенсорлық қызметтерді (түстерді ажырату, көз мөлшерімен есептеу) дамыту;

3) затты сипап сезу кезінде педагогдың дауыстап түсініктеме беруімен сәйкестендіру;

4) көріп қабылдауын дамыту: заттық қасиеттерін (түсі, пішіні, көлемі) сенсорлық тәжирибесін кеңейту, көрнекі-бейнелік ойлауы мен көріністің нақтылығын дамыту;

5) қалдық көру, иіс сезу, есту, сипап сезу арқылы тірі және өлі табиғаттағы нысандар мен заттардың қасиеттерін бөліп көрсете алу біліктілігін дамыту;

б) материалды дәйекті түрде баяндап беру біліктілігін, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың білім алуы құндылықтылық-бағдарлық, тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекеттік, саралап оқыту, қарым-қатынас және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану тәсілдері негізінде жүргізіледі.

6. Құндылықтық-бағдарланған тәсіл білім алушының тұлғалық құндылықтарының жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Орта білім беру құндылықтары «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына негізделіп, тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастырады, ол оқу бағдарламаның «Тарих толқыны» бөлімінде көрініс табады.

7. Тұлғалық-бағдарлық тәсіл білім алушыларға өзіне сенбеушілікті және өзіндік ұстанымның болмауын, қоршаған ортаға бейімделуінің әлсіз және белсенді емес болуын жеңуге, жеке қасиеттері мен адамгершілік құндылықтарды таңдауға мүмкіндік береді.

8. Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны – білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруден, өз оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынудан, оның ережелер жүйесін түсіну мен қабылдаудан, жетілдіруге белсенді қатысудан тұрады, ол өз кезегінде білім, оқу біліктілік пен дағдыларын және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім алушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «талдау», «бағалау», «жинақтау» санаттары бойынша топтастырылған.

9. Саралап оқыту тәсілі білім алушылардың жас ерекшеліктерін, психикалық және офтальмологиялық ерекшеліктерін ескеру мақсатында түрлі топтарда жағдайлар жасауды көздейді. Сараланған оқу қызметін ұйымдастыру шарты – күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім

тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

10. Қарым-қатынас тәсілі тіл арқылы байланыс орнатуды қамтиды, ол дегеніміз тілдік және сөйлеу тілінің қалыпты жүйесін, дұрыс қарым-қатынас жасау тәртібін қолдана отырып, басқа адамдармен түрлі жағдайларда байланыс орнату процесінде өз ойымен бөлісу және өз ойын жеткізе білу болып табылады. Қарым-қатынас тәсіліне сәйкес оқу процесінде берілетін тапсырмалар байланыс орнату біліктілігін және шынайы қарым-қатынас жасау режимін (жұптық және топтық жұмыс) қалыптастыруға бағытталады.

11. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолдану құзыреттілігі АКТ негізгі дағдысын құрайды және бос уақыт пен қарым-қатынас жасау кезінде, жұмыс барысында шығармашылық технологияларды дұрыс пайдалана білуден құралады;

2) білім алушылар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дағдысын сабақ барысында дамытып, ақпаратты іздеу, құрастыру жұмысы арқылы өз ойларымен бөліседі, құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалана отырып өз жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

12. Оқыту барысында аса жоғары деңгейде (алмастырушылық, компенсаторлық қабылдау құрымындағы вариативтілік) түзету - компенсаторлық процестерді дамыту, өзін-өзі түзету және әлеуметтік-психологиялық реттеу мен бейімдеу тәсілдері мен амалдарын қалыптастыру бойынша міндеттер шешіледі.

13. Түзете-дамыту жұмысында қолданатын оптикалық құралдар мен арнайы техникалық жүйені бұзылған қызметтің орнын басқа қызмет басу және түзету мақсатында пайдаланады.

14. Сыныпта төмендегідей тифлотехникалық құралдарды қолдану көзделеді:

1) ерекше білімді қажетсінетін көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған нүктелі-рельефті шрифтпен басылып шыққан арнайы оқулықтар; іші рельефпен немесе рельеф және түстермен безендірілген иллюстрациялық-графикалық материалдар;

2) цифрлық тасмалдаушы құрылғыға жазылған DAISY (Дэйзи) аудиожазба форматындағы «дыбысталатын» оқулықтар, дыбысталатын материалдар, аудио оқулықтар;

3) рельефті-графикалық тақырыптық құралдар;

4) тарихи және географиялық рельефті карталар, рельефті координаталық жазықтықтар;

5) рельефті сурет салуға арналған керек-жарақтар: «Школьник», «Н.А.Семевский» аспаптары;

б) арнайы оқуға керек-жарақтар: брайльдік аспап, жалпақ етіп жазуға арналған құрылғылар, грифельдер, (брайльдік) қалың қағаздан жасалған дәптерлер.

3 - тарау. «Дүниетану» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

15. «Дүниетану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты;
- 2) 1 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;
- 3) 2 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 3 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 4 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

16. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Мен және қоғам» бөлімі;
- 2) «Елімнің табиғаты» бөлімі;
- 3) «Тарих толқынында» бөлімі.

17. «Мен және қоғам» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мен және менің отбасым;
- 2) мектеп және мектеп қоғамдастығы;
- 3) менің атамекенім;
- 4) денсаулық пен қауіпсіздік;
- 5) құқық және міндет;
- 6) мерекелер.

18. «Елімнің табиғаты» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жергілікті жерде бағдарлану;
- 2) ауа райы және климат;
- 3) табиғат жағдайлары және олардың әсері;
- 4) туризм.

19. «Тарих толқынында» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер;
- 2) Қазақстанның тарихи тамыры;
- 3) Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар;
- 4) атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері;
- 5) Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм.

20. 0 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: менің отбасым. Отбасы. Отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесі. «Шежіре» ұғымы. Отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлық. Мектептің адам өміріндегі маңызы. Мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жері. Күн тәртібі. Тәулік уақыты мен апта күндерінің атаулары. Өз мекен-жайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жері. Өзі тұратын елді мекеннің басты көшесі, ғимараттары және көрнекі жерлері. Қөзге арналған гимнастика. Жеке бас гигиенасы. Күн тәртібі. Үйдегі қауіпсіздік ережелері. Жолда жүру тәртібі. Жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәні. Отбасылық мерекелер;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану. Жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсері. Жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу. Туризмнің мәні. Туристердің негізгі мақсаттары;

3) «Тарих толқынында» бөлімі: Қазастанның ежелгі заманның тарихи ескерткіштері, адам дамуының тарихы, мемлекеттік мерекелер, тарихи оқиғалар, Қазақстанның тарихи тұлғалары. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. Қазақстан астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы.

21. 1 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: менің отбасым. Отбасы. Отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесі. «Шежіре» ұғымы. Отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлық. Тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлері. Тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктері олардың қайдан келетіні. Мектептің адам өміріндегі маңызы. Мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жері. Күн тәртібі. Тәулік уақыты мен апта күндерінің атаулары. Өз мекен-жайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жері. Өзі тұратын елді мекеннің басты көшесі, ғимараттары және көрнекі жерлері. Жеке бас гигиенасы. Тамақтану режимі. Үйдегі қауіпсіздік ережелері. Жолда жүру тәртібі. Жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәні. Отбасылық мерекелер;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану. Жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау. Ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсері. Жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу. Туризмнің мәні. Туристердің негізгі мақсаттары;

3) «Тарих толқынында» бөлімі: ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер: ежелгі адамдардың өмірі, сақтар, Томирис, Қазақстан аумағындағы көне ескерткіштер/жәдігерлер, жазулар туралы алғашқы білімдері. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. Қазақстан астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы.

22. 2 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: менің отбасым. Отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау. Отбасындағы әдеп нормалары. Тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктері олардың қайдан келетіні. Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлері. Мектеп қауымдастығының құрылымын және мүшелерінің қызметі. Мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлға аралық мінез-құлық нормалары. Өз сыныбын сипаттау. Өз зерттеулеріне сүйене отырып, тұратын жерінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу. Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету. Көзге арналған жаттығу. Пайдалы және зиянды тағамдар. Күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелері. Көлік түрлері және олардың

қажеттілігі. Қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережелері. Құқық, міндет және жауапкершілік. Қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңызы. Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәні;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану. Тұсбағдардың көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау. Ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсері. Ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызы. Зерттеу негізінде өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстары. Табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстары. Туризмнің мақсатына қарай негізгі түрлері. Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандар. Туристік нысандардың ерекшеліктері;

3) «Тарих толқынында» бөлімі: мал және егін шаруашылығы ұғымымен танысу. Көне қалалар мен ескерткіштер. Ғұндардың өмір салты туралы алғашқы білімі. Ботай мәдениетінің ерекшеліктері. Қазақта ата-бабаларымыздың жылқыны қолға үйретуі. Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері. Әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі. Луи Брайльдің рельефті-нүктелік қарпінің пайда болу тарихы. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мәні. Бақылаулар негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласы. Қазақстан халықтары достығының маңыздылығы.

23. 3 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: менің отбасым. Отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастар. Әулет шежіресін құрастыру. өз әулетінің құндылықтарын анықтау. Өз шығындарын жоспарлау және негіздеу. өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну. Сыныптың өзін-өзі басқару ережелері. Түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдары. Қоғамда өзін өзі ұстау әдеп нормалары. адамдар арасындағы достықтың маңыздылығы. Елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (типі, көлемі, қызметі. Қала мен ауылдың байланысы. Көзге арналған жаттығулар. Тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету. спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттері. Түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау. табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау. Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызы. Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану. Астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау. Масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру. Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау. Ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру

адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары). Геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелерін құрастыру. Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау;

3) «Тарих толқынында» бөлімі: көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктері. Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығы. Қазақстанның тарихи тамыры. Түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтымен танысу. Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар. Қазақ хандығының құрылу себептері. Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері. Қазақстанда көрмейтіндерге арналған кітапты басып шығарған С.Х. Өтегенова, А.К. Қасымовтың қосқан үлесі. Хандар, батырлар мен билердің рөлі. Қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм. Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін білу («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы). Тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлі.

24. 4 - сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Мен және қоғам» бөлімі: менің отбасым. отбасының қоғам өміріндегі маңызы. Отбасы мүшелерінің функционалдық рөлі. Отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстары. Отбасы бюджетін оңтайландыру жолдары. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдары. Білім алушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау. Түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс). түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру. Түзетуге арналған оптикалық құралдар. Спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану себептері. Спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қауіпін азайту және алдын алу әдістері. Жасанды ортадағы қауіп-қатерлер. Жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау. Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық құқықтары мен бостандықтарынан, міндеттерінен мысалдары. Кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру;

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі: жергілікті жерде бағдарлану. Нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау. Глобус пен карталардың қолану аясын көрсете білу. Параллельдер, меридиандар, экватор. Адамзат дамуына климаттың әсері. Табиғи жағдайлар мен олардың әсері. Өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекеті. Өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау. Қазақстан мен Қазақстанның астанасы бойынша туристік маршрут құру;

3) «Тарих толқынында» бөлімі: «технологиялық прогрес» ұғымымен танысу. Тарихи мұражайлардың қызметін білу. Мұражайдың өзіндік жобасы. Қазақ халқының шығу тарихын білу. Сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар

арасындағы байланысты графикалық түрде бейнелеу. Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар. Қазақстанның ХХ-ХХІ ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) меңгеру. Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері. Әлемдік және отандық тифлопедагогтар. шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің өмірбаяндық мәліметтері. Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм. «Қазақстан» атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатары (ұлттық бренд). Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлі.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

25. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодында: «1» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

26. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Мен және қоғам» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Мен және менің отбасым	0.1.1.1 өзінің аты-жөнін, жасын білу және айтып беру және айту 0.1.1.2 сұрақтарға, кезекті орналасқан суреттерге сүйене отырып өзін мектеп білім алушысы ретінде ауызша сипаттау;	1.1.1.1 түрлі дереккөздерді зерттеу негізінде «Отбасы» ұғымын және мәнін түсіну; 1.1.1.2 отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесінде	2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасай алу; 2.1.1.2 мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын білу; 2.1.1.3 түрлі дереккөзде	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды білу; 3.1.1.2 әулет шежіресін құрау; 3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтары анықтау; 3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу;	4.1.1.1 отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдеу; 4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдау; 4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау; 4.1.1.4 отбасы

	<p>0.1.1.3 «отбасы» сөзін білу; 0.1.1.4 отбасы мүшелерінің есімдерін, құрамын білу; 0.1.1.5 отбасы мүшелерінің және өзінің үй жағдайындағы міндеттеріңді білу; 0.1.1.6 отбасы мүшелерінің арасында қамқоршы болудың маңыздылығын ұғыну, мысал келтіре алу</p>	<p>гі өз орнын анықтау 1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын түсіндіріп, мысал келтіру 1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін білу; 1.1.1.5 тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың қайдан келетінін анықтау</p>	<p>рді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау; 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын анықтау</p>	<p>3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну</p>	<p>бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну</p>
1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	<p>0.1.2.1 өз сыныбын таба алу; 0.1.2.2 тәрбиешінің,</p>	<p>1.1.2.1 мектептің адам өміріндегі маңызын білу;</p>	<p>2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін</p>	<p>3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін меңгеру</p>	<p>4.1.2.1 мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу</p>

	<p>мұғалімнің аты-жөнін білу; 0.1.2.3 мектеп ішінде жаңа жайларды және сыныптардың орналасу орнын білу; 0.1.2.4 мектеп ішінде орналасқан жаңа жайларды атап беру: сынып, кабинет, дәретхана, дәліз, асхана; 0.1.2.5 мектеп ішінде тәртіп сақтау ережесін білу; 0.1.2.6 тәрбиешінің және мұғалімнің тапсырмасын орындау; 0.1.2.7 оқуға қажетті</p>	<p>1.1.2.2 мектептегі і функциялдық аймақтардың орналасқан жерін көрмейтін білім алушыларға, визулды және карта бойынша нашар көретінде рге рельефті макет бойынша анықтау; 1.1.2.3 мектептегі і тәртіп ережелерін сақтау маңыздылығын білу; 1.1.2.4 күн тәртібін сақтаудың маңызын ұғыну және күн тәртібін құрастыру;</p>	<p>меңгеру; 2.1.2.2 мектеп қауымдастығының құрылымын және мүшелерінің қызметін анықтау; 2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлға аралық мінез-құлық нормаларын меңгеру; 2.1.2.4 өз сыныбын сипаттама беру</p>	<p>және өз нұсқасын ұсыну; 3.1.2.2 түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын меңгеру; 3.1.2.3 қоғамда өзін өзі ұстау әдеп нормаларын білу; 3.1.2.4 өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын дәлелдеу</p>	<p>жолдарын білу; 4.1.2.2 білім алушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау</p>
--	---	--	--	---	---

	<p>керек-жарактарды білу; 0.1.2.8 мектеп қызметкерлерінің қызметтерінің білу; 0.1.2.9 мектеп қызметкерлерінің: дәрігер, тәрбиеші, мұғалім, директордың орынбасары мен метеп директорының аты-жөнін білу; 0.1.2.10 кезекшілік кестесін пайдалана отырып, сыныпта кезекші болу; 0.1.2.11 сабақ үстінде тәртіп ережесін сақтау; 0.1.2.12 мектептің мекен-жайын білу</p>	<p>1.1.2.5 тәулік уақыты мен апта күндерінің атауларының қолдану; 1.1.2.6 өзін мектеп білім алушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау; 1.1.2.7 күнделікті, сабақ кестесін қолдану</p>			
--	---	---	--	--	--

1.3 Менің атамекенім	0.1.3.1 сақталған анализаторларды пайдалана отырып қала көліктерінің түрлерін ажырату; 0.1.3.2 сезім мүшелерінің көмегімен табиғат мезгілінде болатын өзегістерді қабылдай білу; 0.1.3.3 «Атамекен» және «ел» ұғымын білу; 0.1.3.4 Ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шараларды өткізуге арналған дайындыққа қатысу	1.1.3.1 өз мекен-жайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау; 1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты ғимараттары және көрнекі жерлерін сипаттау	2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, тұратын жерінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу: көрмейтін білім алушыларға «Бағдарлау» құрылғысын пайдалану; 2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету: көрмейтін білім алушыларға Қазақстанның рельефті картасын пайдалану	3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (типі, көлемі, қызметі); 3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру	4.1.3.1 түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс) ажырату; 4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негізделген отырып, өз аймағының сипаттама беру
1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	0.1.4.1 көзге арналған жаттығуды	1.1.4.1 көзге арналған жаттығуды	2.1.4.1 көзге арналған жаттығула	3.1.4.1 көзге арналған жаттығуларды жасау:	4.1.4.1 оптикалық құрылғыларды қолдану

	<p>білу және жасау; 0.1.4.2 негізгі жеке бас гигиеналық ережесін атай алу; 0.1.4.3 негізгі күн тәртібінің тармақтарын атай алу; 0.1.4.4 табиғатқа шыққанда ережені сақтау; 0.1.4.5 жолда жүрудің негізгі ережелерін : көше қиылысына н өткен кезде, бағдаршамның шартты сигналдық белгілерін сақтау және білу; 0.1.4.6 шұғыл қауіпсіздік қызмет көрсетудің телефон нөмірлерін және</p>	<p>ы дербес жасай алу; 1.1.4.2 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын білу; 1.1.4.3 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін білу; 1.1.4.4 үйдегі қауіпсіздік ережелерін білу; 1.1.4.5 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін білу: нашар көретінде рге схема бойынша, көрмейтіндерге</p>	<p>рды білу және пайдалану: «Қозғалыс проекциялары» авторы В.Ф. Базарный; «Шыныдағы белгі» авторы Э.С. Аветисов; «Пальминг», авторы У.Г. Бейтс; 2.1.4.2 түрлі дереккөздер негізінде пайдаланы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау; 2.1.4.3 көлік түрлерін, олардың қажеттілігін ажырату; 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережелерін білу;</p>	<p>«Қозғалыс проекциялары» авторы В.Ф. Базарный; «Шыныдағы белгі» авторы Э.С. Аветисов, «Пальминг», авторы У.Г. Бейтс; 3.1.4.2 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету: көрмейтіндерге рельефті схема бойынша; 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау; 3.1.4.4 2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін</p>	<p>ережесін білу және қолдану: көзілдірік, лупалар; 4.1.4.2 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау; 4.1.4.3 жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау; 4.1.4.4 спорттың әртүрлеріндегі жарақаттану себептерін зерттеу; 4.1.4.5 спорттың әртүрлеріндегі жарақаттану қауіпін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну;</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>олардың аттарын білу; 0.1.4.7 тұрмыстық жағдайда техникалық қауіпсіздік ережесін сақтау</p>	<p>рельефті маршрут қағазы бойынша; 1.1.4.6 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру : көрмейтін білім алушыларға «Бағдарлау» құрылғысын қолдану; 1.1.4.7 көшеден өту кезінде бағдаршамның шартты дыбыстық сигналдық тәртібін білу; 1.1.4.8 шұғыл көмек қызметтерін білу және олармен хабарласу жағдайларын</p>	<p>2.1.4.5 қоғамдық жерлерде күнделікті болатын жағдайда жүріс-тұрыс қауіпсіздік ережесін сақтау</p>	<p>қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау; 3.1.4.5 табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау</p>	
--	--	---	--	---	--

		анықтау			
1.5 Құқық және міндет	0.1.5.1 білім алушылардың құқықтары мен міндеттерінің білу	1.1.5.1 білім алушының құқықтары мен міндеттерінің мәнін білу	2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату; 2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңызын білу	3.1.5.1 Қазақстан Республикасы және Конституциясы туралы білу; 3.1.5.2 Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын ұғыну	4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытындылар жасау; 4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық құқықтары мен бостандықтарынан, міндеттерінен мысалдарын келтіру
1.6 Мерекелер	0.1.6.1 негізгі мемлекеттік мерекелерді атау; 0.1.6.2 бір-екі мерекені сипаттай алу; мектепте болатын мерекелердің мағынасын ұғыну, қатысу	1.1.6.1 отбасылық мерекелердің бірін сипаттау	2.1.6.1 таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін білу	3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну	4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру

2) «Елімнің табиғаты» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	0.2.1.1 табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру	1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау: көрмейтін білім алушыларға жергілікті жердің рельефті суреті бар картасын қолдану; 1.2.1.2 табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін білу	2.2.1.1 тұс бағдардың, ағаш қабығындағы мүктің көмегімен экскурсия және саябақ аймағында көкжиекті анықтау	3.2.1.1 астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау: көрмейтінде рге рельефті картасын қолдану; 3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру: көрмейтін білім алушыларға «Бағдарлау» құрылғысын қолдану	4.2.1.1 нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау: көрмейтінде рге рельефті суреттер, карталар; 4.2.1.2 глобус пен карталардың қолдану аясын, олардан негізгі нысандарды көрсете білу: көрмейтінде рге рельефті карта мен глобустар 4.2.1.3 глобус пен картадан параллельдерді, меридиандарды, экваторды көрсете білу
2.2 Климат және ауа	0.2.2.1 адамның	1.2.2.1 ауа райының	2.2.2.1 ауа райының	3.2.2.1 Жер климатының	4.2.2.1 адамзат

райы	қолымен жасалған тайғи заттар мен нысанды ажырата білу; 0.2.2.2 ауа райын бақылау: күнді, желді, жауын-шашынды, ауаның жай-күйін: суық, жылы: көрмейтіндер тері арқылы сезу тәсілімен; 0.2.2.3 жыл мезгілдерінің атауын білу; 0.2.2.4 қыс және күз мезгілдерінде тән құбылысты білу; 0.2.2.5 көктем және жаз мезгілдерінде тән құбылысты білу;	адамға және оның іс-әрекетіне әсерін: көрмейтіндер тері арқылы сезу тәсілімен анықтау; 1.2.2.2 табиғат күнтізбесін құру; 1.2.2.3 Ай атауаларын білу; 1.2.2.4 балалардың әр бір жыл мезгілі барысындағы іс-әрекетін, адамдардың киімі мен аяқ киімінің жыл мезгіліне қарай өзгеруін бақылау	адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне тигізетін оң және кері әсерін талдау; 2.2.2.2 сақталған анализаторлардың көмегімен көктем мезгілінде табиғатта болатын өзгерістерді бақылау	негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау; 3.2.2.2 ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	дамуына климаттың әсерін талдау; 4.2.2.2 тері арқылы сезу тәсілімен климатта болатын өзгерістерді анықтай алу;
------	--	---	---	---	---

<p>2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері</p>	<p>0.2.3.1 маусымдық киім мен аяқ киімді атау; 0.2.3.2 киім мен аяқ киімді топтастыру; 0.2.3.3 қалада және ауылда маусымдық еңбек түрлерін атау; 0.2.3.4 өмір сүру үшін ауа мен судың мәнін білу; 0.2.3.5 зерттеу, бақылау жүргізу негізінде су мен ауаның қасиеттерін анықтау; 0.2.3.6 табиғат құбылыстарына және ауа-райына қатысты халық мақал-мәтелдерін білу</p>	<p>1.2.3.1 жыл мезгілдері не орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау</p>	<p>2.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын анықтау; 2.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстарын талдау; 2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу</p>	<p>3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелерін құрастыру; 3.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу</p>	<p>4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарын дағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау; 4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау</p>
--	---	---	--	---	--

2.4 Туризм	0.2.4.1 «туризм» сөзінің мәнін меңгеру; 0.2.4.2 өз өңіріңіздегі табиғи ерекшеліктерін сипаттау	1.2.4.1 туризмнің мәнін меңгеру; 1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау	2.2.4.1 туризмнің негізгі түрлерін ажырату; 2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау; 2.2.4.3 туристік нысандардың ерекшеліктерін сипаттау	3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау; 3.2.4.2 «Саяхат» ұжымдық шығармашылық жұмыстарын ұсыну: фабрикаға, құрылысқа	4.2.4.1 ақпараттың қолжетімді көздерін (интернет, кітаптар, БАҚ) пайдалана отырып, Қазақстан мен Қазақстанның астанасы бойынша туристік маршрут құру
------------	---	---	--	--	--

3) «Табиғат толқынында» бөлімі:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	0.3.1.1 Қазақстанда орналасқан ежелгі ескерткіштер туралы білу; 0.3.1.2 Қазақстанның ежелгі 1-2	1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу: релефті карта,	2.3.1.1 көрнекі материалдар негізінде иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашылықты	3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін білу; 3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау	4.3.1.1 түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогресті анықтау; 4.3.1.2 тарихи мұражайлардың қызметін

	ескерткіш ін атау	сызбалар; 1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткішт ері/жәдігер лері туралы әңгімелеу	анықтау; 2.3.1.2 түрлі дереккөзде рді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткішт ерді сипаттау	маңыздыл ығын білу	білу; 4.3.1.3 мұражайдың өзіндік жобасын ұсыну
3.2 Қазақстанны ң тарихи тамыры	0.3.2.1 адамның даму тарихы туралы қарапайым түсінік болу; 0.3.2.2 кейбір тарихи ескерткішт ерді ажырату және оларды сипаттау	1.3.2.1 көрнекі материалда р негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау: рельефті карта, схемалар	2.3.2.1 1 көрнекі материалда рды зерделеу арқылы ғұндардың өмір салтын сипаттау: рельефті карта, схемалар	3.3.2.1 түрлі материалда рды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау: рельефті карта, схемалар	4.3.2.1 түрлі дереккөздер негізінде қазақ халқының шығу тарихын білу: рельефті карта, схемалар; 4.3.2.2 сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты графикалық түрде бейнелеу: рельефті карта, схемалар
3.3 Қазақстан тарихындағ ы маңызды	0.3.3.1 мемлекетті к мерекелерд	1.3.3.1 Қазақстан аумағында ғы көне	2.3.3.1 Ботай мәдениетін ің	3.3.3.1 1 Қазақ хандығыны ң құрылу	4.3.3.1 Қазақстанны ң XX-XXI ғасырлардағ

оқиғалар	і білу	жазулар туралы баяндау;	ерекшеліктерін сипаттау; 1.3.3.2 көне жазулар туралы білу	себептерін ұғыну	ы жетістіктері н (мәдениет, ғылым, білім, экономика) білу
3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	0.3.4.1 жазушылардың, ақындардың есімін атау	1.3.4.1 дереккөздерді зерделеу арқылы Томирис туралы әңгімелеу: көрмейтіндерге оқу машинкалары немес аудио оқулықтарды пайдалану арқылы; 1.3.4.2 кейбір тарихи тұлғалардың есімін білу	2.3.4.1 Әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу: көрмейтіндерге оқу машинкалары немес аудио оқулықтарды пайдалану арқылы; 2.3.4.2 Луи Брайльдің рельефті нүктелі қарпінің пайда болу тарихын білу	3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін білу; 3.3.4.2 тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету; 3.3.4.3 Қазақстанда көрмейтіндерге арналған әдебиеттерді рельефті-нүктелі қаріппен	4.3.4.1 шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, елімізге сіңірген еңбегі туралы көрмейтіндерге оқу машинкалары немес аудио оқулықтарды пайдалану арқылы білу; 4.3.4.2 әлемге белгілі және Отандық тифлопедагогтардың есімін білу

				басып шығару тарихын білу: С.Х. Өтегенов, А.К. Қасымов	
